


**Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының
толық мүшелерінің, корреспондент-мүшелерінің,
шетелдік, құрметті мүшелерінің және
президентінің сайлауын өткізу,
«ҚР ҰҒА профессоры» атағын беру
Т Ә Р Т І Б І**



**П О Р Я Д О К
П Р О В Е Д Е Н И Я В Ы Б О Р О В
действительных членов (академиков),
членов-корреспондентов,
иностраннных и почетных членов,
президента Национальной академии наук
Республики Казахстан и присвоения
почетного звания «Профессор НАН РК»**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
толық мүшелерінің, корреспондент-мүшелерінің,
шетелдік, құрметті мүшелерінің және президентінің
сайлауын өткізу, «ҚР ҰҒА профессоры» атағын беру
Т Ә Р Т І Б І**

1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы (ҚР ҰҒА) ҚР ҰҒА мүшелігіне сайлау өткізеді және ҚР ҰҒА толық мүшесі (академиктер), корреспондент-мүшесі, шетелдік және құрметті мүшесі, «ҚР ҰҒА профессор» академиялық атақтарын береді.

1.2 ҚР ҰҒА мүшелері осы Жарғыға және одан туындайтын осы Тәртіпке сәйкес сайланады және үш жылда кемінде бір рет өткізіледі. Бос орындар, сайлаудың уақыты мен тәртібін ҚР ҰҒА Төралқасы белгілейді. Сайлау ҚР ҰҒА Жарғысының 7-9, 11-15-баптарына сәйкес өткізіледі (қосымша).

1.3 ҚР ҰҒА мүшелерін сайлау нәтижелері ашық баспасөзде жарияланады.

2. ҚР ҰҒА мүшелеріне кандидаттарды ұсыну тәртібі

2.1 ҚР ҰҒА-ға кандидаттарды ұсыну құқығы Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдарының, жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестеріне және жарияланған бос орын бейіні бойынша ҚР ҰҒА академиктеріне беріледі.

2.2 ҚР ҰҒА мүшелеріне кандидаттар туралы тиісті жазбаша уәждемелі ұсынымнан тұратын мәліметтер ҚР ҰҒА-ға сайлау туралы хабарландыру жарияланғаннан күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей хабарланады.

Ұсыным туралы хаттамаға төмендегі құжаттар қоса тігіледі:

- кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы;
- ғылыми еңбектерінің, авторлық куәліктерінің, патенттерінің тізімі;
- жоғары білімі, ғылыми дәреже және ғылыми атақ беру, ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары және т.б. дипломдарының көшірмелері;

– кандидатты ұсынған ұйымның алқалық органы отырысының хаттамасынан көшірме немесе академиктің, ҚР ҰҒА Төралқасы мүшесінің кандидаттың нақты ғылым саласындағы ғылыми жетістіктері дәйектелген және объективті түрде тұжырымдалған ұсынысы.

2.3 Конкурс материалдары ҚР ҰҒА Төралқасына тақылеттес 2 данада басылған түрде (қағаз және электронды тасымалдаушылары) ұсынылады.

2.4 Түскен материалдар олардың конкурс шарттарына сәйкестігі тексерілгеннен кейін бір апта ішінде ҚР ҰҒА-ның тиісті бағыттық Бөлімшелеріне беріледі.

Қажет болған жағдайларда Бөлімше мүшелері арасынан сараптама комиссиясы түзіледі. Сараптама комиссияларының құрамын ҚР ҰҒА Төралқасы бекітеді.

2.5 Сараптама комиссиялары барлық кандидаттардың ғылыми жетістіктерін жан-жақты бағалайды және олардың кандидаттарға қойылатын талаптарға сәйкестігін ҚР ҰҒА Жарғысына және осы Тәртіпке сәйкес анықтайды. Сараптама комиссиялары жұмыстарының нәтижелері ғылым Бөлімшесінің төрағасына ұсынылады, ол ҚР ҰҒА Президентіне кандидаттарды дауысқа салу үшін тізімге енгізу (немесе бас тарту) туралы ұсыныс жасайды.

2.6 ҚР ҰҒА Төралқасы ҚР ҰҒА бағыттық Бөлімшесі төрағасының ұсынысы негізінде барлық құжаттар қабылданғаннан кейін кандидаттарды тіркеу мәселесін шешеді.

2.7 Берілген құжаттар конкурс талаптарына сәйкес болмаған жағдайда сараптама комиссиясы ҚР ҰҒА Төралқасына тиісті кандидатураны сайлауға қатысудан шеттетуге ұсыным жасауға құқылы.

2.8 Тіркелген кандидаттардың тізімі республикалық баспасөзде сайлау басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей жарияланады.

3. Ғылым бөлімшесінің Жалпы жиналысында ҚР ҰҒА-ға толық мүшелер (академиктер) және корреспондент-мүшелер кандидаттарын сайлау тәртібі

3.1 Сайлау және сайлауалды науқаны демократиялық негізде, толық жариялылық және ғылыми жұртшылықтың хабарланғандығы жағдайында өткізіледі: ҚР ҰҒА толық мүшесіне және корреспондент-мүшесіне ұсынылған кандидатуралар ғылыми ұжымдарда кеңінен талқыланады.

3.2 Ғылым бөлімшесінің Жалпы жиналысы қажет болған жағдайда ҚР ҰҒА мүшесіне кандидаттардың негізгі ғылыми жетістіктері мен осы бағыт бойынша зерттеулерді дамыту болашағы туралы ғылыми баяндамаларын тыңдайды.

3.3 Егер әрбір кандидаттың тегінің қарсы жағында бір сөз («сайлансын» немесе «сайланбасын») деген сөз сызылып тасталғанда жарамды саналады. Басқа бюллетеньдердің барлығы жарамсыз саналады.

3.4 ҚР ҰҒА мүшесіне кандидаттарды сайлау қатаң түрде Жарғыға сәйкес өткізіледі (қосымша).

4. ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында ҚР ҰҒА толық мүшелерін (академиктерді), корреспондент-мүшелерін, шетелдік мүшелерін және президентін сайлау тәртібі

4.1 ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында ҚР ҰҒА толық мүшелерін (академиктерді) және корреспондент-мүшелерді сайлау бағыттық Ғылым бөлімшелері таңдаған кандидаттардың арасынан құпия дауыс беру немесе бағыттық Бөлімше мен ҚР ҰҒА Төралқасының бірлескен жиналысында ҚР ҰҒА Жарғысының 13-бабына сәйкес тепе-тең жағдайларда өткізіледі.

4.2 ҚР ҰҒА шетелдік мүшелері ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында Жарғының 12 және 16-баптарына сәйкес сайланады.

4.3 ҚР ҰҒА президентін сайлау ҚР ҰҒА Жарғысының 12, 15 және 31-баптарына (1-тармақ) сәйкес өткізіледі. Хабарландыру республикалық баспасөзде (БАҚ) сайлау күніне дейін 30 күннен кешіктірілмей жарияланады. Сайлауға қатысушылардың кандидатураларын ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясында қарау және сайлау (қайта сайлау) үшін Төралқа немесе бағыттық Бөлімшенің Жалпы жиналысында жиналым Төралқа немесе салалық Бөлімше мүшелерінің 2/3 құрағанда ғана жай көпшілік дауыспен ұсынылады.

Қосымша (ҚР ҰҒА Жарғысынан)

1. 7-бап. ҚР ҰҒА-ның құрамына кіретін ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктері), корреспондент-мүшелері, шетелдік және құрметті мүшелері, профессорлары ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясын ереже бойынша ашық тәртіпте өткізеді. Жалпы жиналыс ҚР ҰҒА-ның кем дегенде 2/3 мүшелері қатысқан жағдайда, кез келген шешімді қабылдауға құқылы. Дауыс беру нәтижелері тең түскен жағдайда шешімді ҚР ҰҒА президенті қабылдайды.

2. 8-бап. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) болып корреспондент-мүшелер сайлана алады. Ерекше жағдайларда ғылыми мектептер құрған, әлемнің жетекші ғалымдары арасында мойындалған және үздік жетістіктерге қол жеткізген ҚР ҰҒА-ның құрметті немесе шетелдік (Қазақстан Республикасының азаматтығын алған жағдайда)

мүшесі болып саналатын ірі ғалымдар – ғылым докторлары ҚР ҰҒА-ның толық мүшесі болып сайлана алады.

3. 9-бап. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі болып осы Жарғыны мойындап, ондағы міндеттерді орындауға жазбаша түрде міндет алған, ірі жетістіктерімен ғылымды байытқан, әлемдік ғылыми қоғамдастық мойындаған, ғылыми жетістіктері үшін ғылым докторы немесе профессор ғылыми дәрежесіне ие, ереже бойынша, ҚР мемлекеттік органы берген ғылыми дәрежесінен кейін бесжылдық ғылыми жұмыс өтілі бар ғалымдар сайлана алады.

4. 11-бап. Бос орындар санын, мамандықтар тізімін және ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін сайлау тәртібін өткізу ҚР ҰҒА Төралқасымен анықталады.

5. 12-бап. ҚР ҰҒА-ның президентін, толық мүшесін, корреспондент-мүшесін және шетелдік мүшелерін сайлауда шешуші дауысқа тек қана ҚР ҰҒА-ның толық мүшесі мен корреспондент-мүшелері ғана ие бола алады. Кез келген шешімді қабылдау үшін жиналысқа (отырысқа) академияның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелерінің осы тізім ішінен дәлелді себептермен (сырқатына байланысты, іс-сапарға кету, т.б.) қатыспағандарды шегеру арқылы кем дегенде 2/3 қатысуы қажет. Дәлелді себептермен қатыса алмайтын, бірақ дауыс беруге ілтипат (өтініш) білдірген ҚР ҰҒА мүшелері орналасқан жерінде (ауруханада, үйінде) немесе ҚР ҰҒА мүшелерінің арасынан сенім білдірген өкілі арқылы дауыс бере алады. Құпия дауыс беру нәтижесін санау үшін Жалпы жиналыс есептеу комиссиясын сайлайды.

6. 13-бап. ҚР ҰҒА Жалпы жиналысымен толық мүшелер мен корреспондент-мүшелері кандидаттарын сайлау ҚР ҰҒА бағыттық Бөлімшесінің Жалпы жиналысымен өткізіледі.

Жекелеген жағдайларда ҚР ҰҒА Төралқасының шешімімен Бөлімше мүшелері мен Төралқасының тепе-теңдік жағдайда бірлескен жиналысқа қатысуымен сайлау өткізуге рұқсат етіледі. Егер дауыс берудің I турында бос орын бос қалса, онда Төралқаның шешімі бойынша кем дегенде 50% дауыс жинаған кандидат үшін II тур өткізілуі мүмкін. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері және корреспондент-мүшелері болып көпшілік дауыспен, кем дегенде 2/3 дауысқа ие болған ғалым-үміткерлер саналады.

7. 14-бап. ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысында ҚР ҰҒА-ның толық мүшесіне (академигі) сайланушы үміткер, оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерінің кем дегенде 2/3 дауысын жинаса, сайланған болып есептеледі. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесіне сайланушы үміткер оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан мүшелерінің кем дегенде 2/3 дауысын жинаса сайланған болып есептеледі.

ҚР ҰҒА Төралқасы немесе бағыттық Бөлімшесі ұсынған ҚР ҰҒА президенті болып сайланушы үміткер, оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерінің (академиктерінің) және корреспондент-мүшелерінің кем дегенде жәй көпшілік дауысын (50% дауысын және бір дауыс) жинаса сайланған болып есептеледі.

8. 15-бап. Есептеу комиссиясының хаттамалары ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында ашық дауыс берумен бекітіледі. Дауыс беруге құқылы ҚР ҰҒА-ның академиктері мен корреспондент-мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда хаттама бекітілген болып табылады.

9. 16-бап. Академияның шетелдік мүшелері болып әлемдік ғылым, Қазақстан Республикасы ғылымы, мәдениеті мен экономикасындағы ғылыми жетістіктерін ҚР ҰҒА-сы айрықша деп таныған шетел ғалымдары сайлануы мүмкін. ҚР ҰҒА-ның шетелдік мүшелерін сайлауда ҚР ҰҒА Төралқасының ұсынуы бойынша ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен Жалпы жиналыста өткізіледі. Шетелдік мүшелер жиналысқа кеңестік дауыспен қатысады.

10. ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшесі болып әлемдік ғылымға және Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына еңбегі сіңген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары сайлана алады. ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшелерін сайлау Төралқада ҚР ҰҒА президентінің ұсынуымен ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен өткізіледі. Құрметті мүшелер жиналысқа кеңестік дауыспен қатысады.

ҚР ҰҒА Жалпы жиналысымен бекітілген «Ережеге» сай Төралқа ұқсас шарттармен ғалымдарға «ҚР ҰҒА профессоры» құрметті атағын бере алады.

11. 31-бап (1-тармақ). ҚР ҰҒА Президенті:

– ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктері) арасынан жасырын дауыс беру тәсілімен ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысының шешімімен 5 жылдық мерзімге сайланады және қайта сайланады.

«ҚР ҰҒА» РҚБ Төралқасы